

Мұқаметханұлы Н. 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com

ҚЫТАЙ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ЫҚПАЛДАСТЫҚ: ЕКІ ЕЛДІҢ БАСЫЛЫМДАР АЛМАСУ ҮДЕРІСІНЕ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақала Қытай мен Қазақстан арасындағы мәдени ықпалдастықтарды олардың басылымдар алмасу үдерісін зерттеуге арналған. Зерттеудің жаңалықтары қазақ тілінен қытай тіліне, қытай тілінен қазақ және орыс тілдеріне аударылып айналымға түскен басылым-кітаптардың уақыты мен мазмұндарын салыстырып талдау жасап, екі елдің бір-біріне рухани мәдени ықпалдарын бағамдауында. Зерттеудің мақсаты – Қазақстан мен Қытай арасында айналымға түскен ресми басылымдарды уақыт және мазмұн бойынша талдау жасау арқылы олардың бір-біріне жасаған мәдени рухани ықпалдарын анықтау. Тақырыпты зерттеуге тарихи, ретроспективті әдістер қолданылды. Мысалы, Абай шығармаларының XX ғасырдың 40-шы, 50-шы, 80-шы жылдары және XXI ғасырда қытай тіліне тәржімаланған нұсқаларын салыстырмалы түрде талдау жасау арқылы аталмыш басылымның қытайлықтарға әсері анықталды. Ал басылымдарға мазмұндық талдау жасау тәсілін қолдану арқылы, қытай тілінен қазақ тіліне немесе орыс тіліне аударылған кітаптардың Қазақстан үшін қажеттілігі көрсетілді. Мысалы, қытай жазбаларындағы қазақ тарихына қатысты құнды деректер жинағын баспадан шығару т.б.; эмпирикалық талдау тәсілдерін қолдану арқылы, қазақ және қытай тіліндегі классикалық шығармалар, танымдық еңбектер мен саяси кітаптардың айналымға түсуінен, екі ел халықтарының өзара рухани түсінік қалыптастыруына жасаған ықпалы зерделенді. Мақалада тұжырымдалған нәтижелер Қазақстан мен Қытайдың өзара мәдени рухани ықпалдастық үдерісі мен сипатын ғылыми түрде түсінуге негіз қалады. Сондай-ақ Қазақстандағы қытайдың «жұмсақ күш» ықпалы олардың экономикалық ықпалының тереңдеуіне байланысты нығайып келеді деген қорытынды нәтиже жасалды.

Алғыс: Мақала BR24993008 «Орталық Азия мен Қытайдың көпжақты ынтымақтастығы: әрекеттестіктің алғашқы кезеңінен бастап стратегиялық серіктестікке дейін» ғылыми жобасын орындау аясында жазылған.

Кілт сөздер: Қазақстан мен Қытай, мәдени байланыстар, басылымдар алмасу үдерісі, мәдени ықпалдастық, мәдени иммунитетті нығайту.

Кіріспе

Қытай мен Қазақстан жақын көрші елдер болғандықтан олардың арасында мәдени алмасулар мен өзара мәдени ықпалдастықтардың болуы заңды. Әсіресе жаһандану жағдайында іргелес елдер мәдениетінің бір-біріне таралуы мен ықпал жасауы тіпті де табиғи құбылыс. Ел мен ел арасында әртүрлі формада мәдени алмасулар болады десек, солардың бірі басылымдар алмасу. Қазақ пен қытайдың тіл-жазулары ұқсамағандықтан олар аударма арқылы басылымдар алмасып оырады. Сондықтан екі ел арасында айналымға түскен аударма басылымдар арқылы екі елдің бір-біріне рухани мәдени ықпалдарын бағамдауға болады деп санаймыз.

Тарихи тұрғыдан қарайтын болсақ, қытай мен қазақтар арасында басылымдар алмасу XX ғасырдың ортасына дейін стихиялы түрде жүргенін байқаймыз. Кеңес билігі орнағаннан кейін КСРО мен Қытай қатынастарының дамуы мен өзгеруіне байланысты саяси және әдеби

басылымдар кейде көбейіп, кейде шектеуге ұшырап отырды. 1992 жылы Қазақстан Республикасы (ҚР) мен Қытай Халық Республикасы (ҚХР) арасында дипломатиялық қатынас орнағаннан кейін екі ел қатынастары жаңа сипатқа, жоғары деңгейге көтеріліп, мәдени байланыстары жан-жақты дамыды.

Қытай мен Қазақстан арасындағы мәдени байланыстар дипломатиялық қатынастарының жалғасуы аясында біртіндеп дамып келеді десек, соның маңызды бір саласы – басылымдар алмасудан байқалады. Басылымдар – рухани мәдениетті тасымалдаушы құрал болып табылады. Олай болса, екі ел арасындағы ресми басылымдар алмасуының үдерісінен олардың өзара ықпалдастық траекториясын анықтау қиын емес. Өйткені көркем ой жауһарларын тасымалдайтын кітаптар екі ел халықтарының рухани әлеміне терең әсер етіп, бір-біріне деген түсінігін молайта түсетіні сөзсіз. Сондықтан бұл мақаламызда, Қазақстан мен Қытай арасында қазірге дейін ресми түрде өзара алмасуға түскен кітаптарды жүйелеп сараптама жасау арқылы, екі елдің өзара рухани ықпалдастық динамикасына талдау жасауды мақсат етіп отырмыз.

Қытай мен Қазақстан арасындағы мәдени ықпалдастық мәселесі өте өзекті тақырып болып табылады. Өйткені Қытай соңғы жылдары өзінің мығым экономикалық және мәдени әлеуетіне сүйене отырып, бүкіл әлемдік масштабта өзінің «жұмсақ күш» ықпалын арттыруға басымдылық беруде. Сондықтан жақын көршісі Қазақстанға Қытайдың жұмсақ күштерінің ықпалы қаншалықты деген сауалдың көпшіліктің көңілінде жүргені анық. Осындай күрделі де абстрактивті мәселені неғұрлым нақты деректермен зерттеудің маңызы айырықша.

Бүгінде мәдениеттердің таралуы немесе алмасуы халықтардың өзара араласуы арқылы жүзеге асады, сондай-ақ бір бағытта емес кері бағытта да жүреді. Сондықтан Қытай мен Қазақстан арасындағы мәдени ықпалдастықтарды олардың арасында айналымға түскен басылымдар арқылы бағамдау біршама дұрыс әдіснама деп санаймыз.

Қазақ-қытай арасындағы рухани-мәдени ықпалдастық мәселесі қазірге дейін отандық және қытайлық қоғамдық ғылымдар саласында жүйелі түрде зерттеле қойған жоқ. Ендеше біздің бұл мақаламыз осы саладағы тың ізденістің нәтижесі болып саналады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Тақырыпты зерттеуге пайдаланған деректік материалдар қазақ тілінен қытай тіліне, қытай тілінен қазақ және орыс тілдеріне аударылып ресми баспадан шыққан, айналымға түскен кітаптар. Бұл кітап басылымдарды баспадан шыққан уақыты мен мазмұны бойынша жүйелеп қолдандық. Дерек ретінде қолданылған басылымдардың мазмұны кең. Классикалық шығармалар: Абай шығармалары, Мұхтар Әуезовтың «Абай» және «Абай жолы» роман эпопеясы, қазіргі замандағы Мұқағали Мақатевтың «Қаздар қайтып барады» атты жинағы, «Қазіргі заман Қазақстан ақындарының өлеңдер таңдамалары», «Қазіргі заман Қазақстан әңгімелер таңдамалары» және басқа әдеби шығармалар қытай тіліне аударылды.

Қытайда шыққан еңбектерден кириллицамен басылып, алмасуға түскен ғылыми кітаптар: Нығмет Мыңжанидың «Қазақтың қысқаша тарихы», Су Бейхайдың «Қазақтың мәдениет тарихы» атты монографиясы; тарихи деректер: «Ғұндар тарихының жылнамасы», «Ежелгі үйсін елі», «Ұлы Түркі қағанаты», «Чжунго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер».

Қытайдың классикалық әдебиеттерінен Қазақстанда тәржімаланып жарияланған шығармалар: Дукен Мәсімханұлы аударып баспадан шығарған бес томдық «Қытай қаламгерлерінің таңдамалы шығармалары» атты үлкен жинақ. Бұл бес томдық жинақта қытайдың ерте заманнан қазіргі кезеңге дейінгі үздік әдебиетінің жауһарлары қамтылған. Қытайдың қазіргі замандағы әдебиетінің өкілдері Ван Мэнның «Күлкі мен жел» романы, Шэнь Шэсидің «Қасқырлар патшасы» романы, «Гао Хунбо жыр жинағы» сияқты кітаптар - қытай әдебиетінің бүгінгі деңгейінен дерек береді.

Қытайдың танымдық сипаттағы кітаптары да қазақ тілінде басылып шығуда. Соның негізгілері: Жу Юңсинның «Ұстаздарға» атты кітабы, Ян Чжэның «Ян әулетінің отбасылық

тағылымы» сияқты, отбасылық қарым-қатынас жарасымдылығын, философиялық, педагогикалық тағылымы мол еңбектер пайдаланылды.

Жоғарыда аталған дерек көздеріне деректану ғылымының дәстүрлі әдістері бойынша сұрыптау, жүйелеу, типтеу және мазмұндарын салыстырып сипаттау жүргізілді. Сондай-ақ тақырыпты зерттеуге мәдениеттану ғылымының әдіснамасын қолдандық. Дәстүрлі ұғымда мәдениеттердің таралу жолдары миграция, соғыс, агрессия және оккупация арқылы жүзеге асады. Мигранттар жат мәдениетті алып келеді, жеңген мемлекеттер жеңілген елдерге өз мәдениетін күштеп қабылдатады деп санайтұғын. Алайда қазіргі таңда коммуникациялық техниканың барынша дамуына байланысты мәдениеттерді тарату немесе мәдениет алмасудың тәсілдері көбейді. Соның бірі басылымдар алмасу арқылы да мәдениет алмасу, рухани ықпал жасау жүріп жатыр. Сондықтан біз Қытай мен Қазақстан арасында айналымға түскен басылымдар арқылы екі ел арасындағы рухани мәдениет алмасуы мен рухани ықпалдастық мәселесін қарастырдық. Қытай мен қазақ және орыс тілдеріне аударылып айналымға түскен кітаптардың мазмұндарын зерттеу, оларды тарихи зерттеу, салыстырып зерттеу, эмпирикалық зерттеу тәсілдерін қолданып, абстракциялық ойлар бойынша алмасқан басылымдардың мазмұны мен рухани мәдени сипатына талдаулар жасалды. Жалпы деректерге кешенді анализдің дедуктивтік әдістері қолданылды. Екі ел арасында алмасқан басылымдардың екі ел халықтарының өзара түсінісуіне жасаған ықпалын объективті бағамдауға құлшыныс жасалды.

Талқылау

Қазақстан мен Қытай арасында мәдени байланыстардың маңызды бір саласы басылымдар алмасу, яғни кітап басылымдарының айналымы болып табылады. Тарихи тұрғыдан қарастыратын болсақ, Қазақстан мен Қытай арасындағы әдеби, саяси басылымдар алмасу XX ғасырда басталғанын байқаймыз. Сол өткен ғасырдың 50–60 жылдары Қазақстанда Қытайдағы қазақтарға бағыттап төте жазумен баспадан шығарған Ленин, Сталин шығармалары, Абай (1845–1904) және басқа көрнекті қазақстандық жазушылардың кітаптары Шыңжаңда таралған болатын. Алайда ҚХР мен КСРО қатынастары шиленіскен жылдары (1961–1985 жылдары) Кеңес Одағынан шыққан басылымдардың Шыңжаңға таралуына қатаң шектеу қойылды, тіпті кеңестік басылымдарды оқу, радиосын тыңдаудың өзі Қытайда үлкен қылмыс болып саналды. Бірақ өткен ғасырдың 80-жылдардың ортасынан бастап КСРО мен ҚХР қатынастарының жақсаруына байланысты қазақстандық авторлардың көркем әдебиеттері Қытайдағы қазақ баспаларынан шыға бастады. Қазақстан тәуелсіздік алып, Қытаймен дипломатиялық қатынас орнатқаннан кейін басылымдар алмасу жоғары деңгейге көтерілді.

Қытай мен қазақ ұлты екі түрлі мәдениеттегі халықтар болғандықтан олардың ұлттық тіл жазулары да мүлде екі басқа (Мұқаметханұлы, 2014: 107). Сондықтан олар тек аударма арқылы ғана бір-бірінің әдебиеттерімен танысып келеді. Ендеше біз қытай тілінен қазақ және орыс тіліне, қазақ тілінен қытай тіліне аударылған кітаптарды саралау арқылы екі елдің бір-біріне жасаған мәдени рухани ықпалдастық динамикасына талдау жасаймыз.

1. Қытай тілінен қазақ тіліне аударылған кітаптар

Тарихи еңбектер. Кеңестік кезеңде қазақ тарихы көп бұрмалауға ұшырағаны белгілі. Тәуелсіздіктен кейін отандық тарихшылар мен баспагерлер ұлттық тарихымызды қайта қарауға деректік негіз қалау үшін, Қытайда жазылған қазақ тарихы және Қазақстан тарихына қатысты қытай тіліндегі дерек көздерді аударып баспадан шығаруға көп көңіл бөлді. Қытайлық қазақ ғалымы Нығмет Мыңжани жазған «Қазақтың қысқаша тарихы» (Мыңжани, 1989: 685) атты кітапты 1994 жылы «Жалын» баспасы кирилицаға түсіріп басып шығарды. Аталмыш еңбек қазақ халқының этногенезі мен мемлекеттіліктің бастау көздерін сонау сақ дәуірінен бастап, Түркі қағанатына, түркеш, қарлұқ, қарақидан, қыпшақ, Алтын ордаға жалғап, одан Қазақ хандығына дейін сабақтап әкелген құрылым жүйесі мен концепциясы

отандық тарихшыларға үлкен ой салғаны анық. Сондай-ақ халқымыздың тарихи санасының жаңғыруына да терең ықпал жасады.

Шыңжаң университетінің профессоры, белгілі қазақ тарихын зерттеуші қытай ғалымы Су Бейхайдың «Қазақтың мәдениет тарихы» (Су, 1989: 554) атты көлемді монографиясы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының қолдауымен қысқартылып аударылған нұсқасы 2001 жылы «Атамекен» баспасынан шықты. Аталмыш монография археологиялық және тың жазба деректерге негізделе отырып, қазақ мәдениетінің қайнар көзін ежелгі жартас суреттерінен қарастырып, оның эволюциялық дамуын қазіргі заманға дейін жүйелеп пайымдайды. Міне, бұл аталмыш еңбектің басты жаңалығы болып табылады. Алайда автордың кейбір саясиланған тұжырымдарының қате екендігін кезінде атап көрсеткенбіз (Мұқаметханұлы, 2005: 255). Дейтұрғанмен аталмыш монография қазақ мәдениет тарихын зерттеуге мол тың деректер қосты, сондай-ақ этномәдениетіміздің тарихи эволюциясын жаңаша тануға зор ықпал жасады.

2014 жылы Қытай тарихшылары құрастырып жазған «Қытайдың жаңа заман тарихы (1949–1978 жылдар)» атты үш томдық көлемді кітап, қытайлық қазақ қаламгерлерінің (Айтқазы Қалиұлы, Сұлтан Иماشұлы, Қаһар Сәлімжанұлы т.б.) тәржімалауы бойынша 2014 жылы «Орхон баспа үйі» басып шығарды (Алматы, 2014). Бұл еңбектің бірінші томында ҚХР-дың 1949–1956 жылдардағы тарихы пайымдалған; Екінші томы ҚХР-дың социалистік құрылыс жолындағы күрестері мен ізденістері баяндалған; Үшінші томы Қытай Халық Республикасының 1966–1976 жылдар аралығында бастан кешкен атышулы «Мәдени революциясының» ауыр зардаптарды жазған. Аталмыш еңбектер қазақстандық оқырмандар үшін қытай халқының жаңа заманда бастан кешкен күрделі тарихи үдерісін тануға мүмкіндік береді.

Тарихи деректер жинағы. Қазақ және Қазақстан тарихына қатысты қытай тілінде жазылған тарихи деректерді қазақ тіліне аударып ғылыми айналымға қосу ісі елімізде айтарлықтай жақсы істелді. Соның ең негізгілерін ғана атап өтеміз. Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Түркология ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен Мүтәліп Алпамысұлы мен Тұрсын Жиылұлы ескі қытай тілінен аударған «Ғұндар тарихының жылнамасы» атты кітап 2004 жылы Түркістанда баспадан шықты (Түркология ғылыми-зерттеу институты, 2004: 411). Бұл еңбек қазақтың этногенезін зерттеуге тың деректер ұсынды.

Қазақстан Республикасының Қытайдағы Елшілігінің ғылыми тапсырмасы бойынша, тарихшы Шадыман Ахметұлы баспаға дайындаған «Ежелгі үйсін елі» атты көлемді тарихнама және деректер жинағы кириллицамен 2005 жылы «Шыңжаң халық баспасынан» жарық көрді (Ахметұлы, 2005: 90). Осындай тапсырма бойынша Шадыман Ахметұлы баспаға дайындаған «Ұлы Түркі қағанаты» атты қомақты еңбек 2006 жылы кириллицамен «Шыңжаң жастар-өрендер баспасынан» басылып шықты (Ахметұлы, 2006: 112). Қытай Шыңжаң Қоғамдық ғылымдар академиясының экс вице-президенті, тарихшы Жақып Мырзаханның жетекшілігімен академиядағы қазақ ғылыми қызыметкерлері аударып, коментарий жазып баспаға дайындаған «Чжунго жылнамаларындағы қазақ тарихына қатысты деректемелер» (Мырзахан, 2006) атты 4 томдық жинақтың 2 томын 2006 жылы «Өнер» баспасы шығарды.

Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының мамандары Бақыт Еженхан, Жанімхан Ошан және Сағынтай Сұңғатай «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарлама аясында қытай жылнамаларынан сұрыптап аударып, коментарий жасап баспаға дайындаған «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері» атты 6 томдық академиялық деректер жинағы баспадан шықты (Еженхан, Ошан, Сұңғатай, 2009). Бұл аударма деректер жинақтарына ерте заманнан XX ғасырға дейінгі қытай жазбаларындағы қазақ тарихына қатысты маңызды деректер топтастырылған. Қытай деректерінің отандық тарих ғылымы айналымына түсуі – ұлттық тарихымызды терең зерттеуге, тіпті Орталық Азия тарихын кең

көлемде қарастыруға құнды материалдармен қамдады. Сондай-ақ халқымыздың тарих жадысының жаңғыруына да белсенді әсер етті.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты «Цинская империя и казахские ханства (вторая половина XVIII – первая треть XIX вв.) атты құжаттар жинағы (Хафизова, 2020: 31). Цин империясы кезіндегі деректерді қамтыған. Бұл еңбекті алғаш 1989 жылы Қазақстан ұлттық ғылым академиясының мүше-корреспонденті Р.Б. Сүлейменов жетекшілік еткен және редакциялаған, К.Ш. Хафизова мен В.А. Моисеев құрастырған болатын. Соның екінші басылымы 2020 жылы Нұр-Сұлтан қаласында қайта басылып шықты. Цин империясы кезіндегі қазақ-қытай қатынастарын зерттеуге деректік маңызы зор.

Классикалық шығармалар. Қытай мәдениеті мен әдебиетінің тарихы ұзақ, мазмұны өте бай. Әлем мойындаған классикалық шығармалары да аз емес. Сол ерте заманнан қазірге дейінгі қытайдың телегей теңіз әдебиетінен дүниежүзіне кең танылған шығармаларының біршамасы қазірге дейін қазақ тіліне аударылып баспадан шықты. Солардың негізгілерін майталман аудармашы, белгілі қытайтанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Дукен Мәсімханұлының аудармаларынан көреміз. Ол қытайдың ерте заманнан бүгінгі күнге дейінгі әлемде кең танылған ақын-жазушыларының шығармаларын сұрыптап аударып жариялап келеді. Оның аудармасы арқылы қазақстандық оқырмандар Ли Бай, Лу Синь, Ба Цзинь, Лао Шэ, Ай Цин, Юй Гуанчжун, Ван Мэн, Мо Янь, Те Нин, Чжан Цинчжи, Гу Цин, Чэн Дундун, Чжао Лихуа, Дин Дан т.б. қаламгерлердің шығармаларымен танысты. Нақтылап айтқанда Д. Мәсімханұлы өзінің көп жылдардан бері аударған шығармаларының көбін бес томға жинақтап, «Қытай қаламгерлерінің таңдамалы шығармалар» деген атпен баспадан шығарды (Мәсімхан, 2023). Бұл рет ол әр томға алғысөз арнап, түсініктеме жазып, акадemiaлық аударма деңгейіне көтерді. Соның 1-ші томы «Лу Шүн таңдамалы шығармалары (1-ші кітап)» деп аталаған. Бұл томға қытайдың ұлы жазушысы Лу Шүннің «Айғай», «Сергелдең» кітаптарынан 26 әңгімесін аударып енгізген. Ал «Лу Шүн таңдамалы шығармалары (2-ші кітап)» деп аталған 2-ші томға қаламгердің «Әрленген аңыздар», «Дала шөбі» және «Қабір» атты кітаптарынан 44 туындысын тәржімалап топтаған. Жинақтың 3-ші томына әлемге аты машһүр жазушы Ба Цзиньның атақты бір романы берілген. Бұл том «Ба Цзинь «Әулет (роман)» деп аталған. Аудармашы жазушыны және оның романын қазақ тілді оқырмандарға кеңірек таныстыру үшін, «Ба Цзинь және оның «Әулет» романы туралы» деген көлемді мақаласын романның алдына берген. Бес томдықтың 4-ші томына қытайдың тағы бір көрнекті жазушысы Мао Дунның «Түн» деп аталатын романы берілген. Романның алдына аудармашы өзінің «Мао Дунның шығармашылық өмір жолы» деген тақырыпта жазған көлемді зерттеу мақаласын берген. Жинақтың 5-ші томы «Қытайдың әйгілі ақын-жазушыларынан» деп аталған, жалпы үш бөлімнен құралған. Оның бірінші бөліміне орта ғасырдағы поэзия саңлақтары Ли Бай, Ду Фу, Мың Хаорань, Ба Цзюй, Ван Вэй, Ай Цин, Юй Гуанчжун, Чан Дундун, Гу Чың, Диң Даң, Хай Цзы, Шу Тиң өлеңдерінен тандап аударған жырлары берілген. Ал 2-ші бөлімін прозаға арнап, Лао Шэ, Ван Мэн, Те Нин, Мо Янь, Го Сюэбо қатарлы қазіргі замандағы қытайдың әлемге танымал жазушылардың ең үздік шығармаларын топтап берген. 3-ші бөлімін «Қосымша» деп атап, оған ғалымның өзі жазған «Қытай мәдениетінің жалпы сипаты», «Қытай мифологиясы», «Ұлы Жібек жолы» және қытай мәдениеті мен «Мо Янь феномені» атты зерттеу мақалаларын берілген. Демек, бұл бес томға қытайдың классикалық шығармаларының жауһарлары жинақталған. Онымен бірге аударушының алғы сөздері мен зерттеу мақалалары қазақстандық оқырмандарға қытай әдебиеті жөнінде кең көлемде танымдық мағлұматтар берілгені жинақтың маңызын арттыра түскен. Бұл жинақтар іс жүзінде елімізде қытай әдебиеті аудармасының жоғары деңгейін көрсетеді.

Қытай әдебиеттерін әлем тілдеріне аудару – ҚХР-дың стратегиялық сыртқы саясатының құрамдас бөлігі болып табылады. ҚХР-дың Алматы қаласындағы Бас консулы болған Чжан Вэй өз кезегінде: Қытай авторларының шығармалары әлемдегі 190-нан астам

елдің тіліне тәржімаланады. Әлем елдері аудармашыларын ынталандыру мақсатында, Қытай үкіметінің классикалық «Қытай авторы» халықаралық баспа жобасы бойынша көп жылдар бойы қытай тіліне 5000-нан астам кітапты аударып шығару жұмысын қаржыландырып келе жатқан «Жібек жолы әдебиеті» баспасын атап айтамыз» деген болатын (Смалиов, 2002: 573). Демек, осындай үлкен жоба аясында қытай әдебиеттері өзге тілдерге, соның ішінде қазақ тіліне үздіксіз тәржімаланып, жариялануда. Қытай әдебиеті аударуға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің ұстаздары да жемісті еңбек етіп келеді. Мысалы, қытай тілінің маманы, PhD доктор, жазушы Нұрхалық Абдырақынұлы қытайдың қазіргі замандағы аса көрнекті жазушысы Ван Мэнның «Күлкі мен жел» («笑的风») романы және Шэнь Шэсидің «Қасқырлар патшасы» («狼国女王») атты романы мен атақты ақын Гао Хунбоның өлеңдері «Гао Хунбо жыр жинағы» деген шығармаларды қазақ тілінде аударып шығарды (Ван, 2023).

Танымдық басылымдар. Қытай авторларының танымдық сипаттағы таңдаулы кітаптары қазақ тіліне тәржімаланып жариялануда. Соңғы жылдары қазақстандық баспагерлер қытай авторларының танымдық, білімдік және тәрбиелік маңызы бар әмбебап әдебиеттерді қазақ тіліне аударып баспадан шығарып келеді. Соның ең маңыздыларын айтап айтуға болады. Қытай тілінің маманы, ұстаз Ардақ Қалиоллақызы аударған еңбектер: Жу Юнсинның «Ұстаздарға» атты кітабы баспадан шықты. Бұл кітапта білім берудің жаңа әдістері, ұстаз бақыты баяндалған. Автор жұмыс пен отбасы жүгін тең көтерген жандар өзінің күш-қуаттын қалай сақтауға болады, уақытты қайткенде ұтымды игеруге болады деген сұрақтарға жауап беріп, ұстаздардың үнемі ізденісте жүру, үздіксіз оқып-үйреніп кемелдену, жаңа білімдермен біліктілігін арттырудың оңтайлы жолдарын баяндайды. Сондай-ақ оқытушылар білім беру практикасында көп кездесетін түрлі қиындықтарды қалай еңсеруге болатыны жөнінде ақыл-кеңестер береді. Демек, аталмыш кітап тек ұстаздарға ғана емес, сонымен бірге жалпы көпшілік қауымға да берер тәлімі мол, практикалық маңызы зор еңбек болып табылады. Автор «Көбірек кітап оқу бізді саналы, парасатты әрі білімді тұлғаға айналдырады. Ұлттың рухани өсуі сол халықтың кітап оқу деңгейіне байланысты» деген тұжырым жасаған.

Қытайдың данагөй ойшылы, педагогика ғылымына зор үлес қосқан Ян Чжэньның «Ян әулетінің отбасылық тағылымы» атты кітабы Қытайда ең көп оқылған еңбектердің бірі. Аталмыш еңбекте отбасылық қарым-қатынас, өзара сыйластықтарды әнгімге арқау етіліп, философиялық, педагогикалық тағылымы терең ойлар айтылады. Пэн Лин өзінің «Қытайдың салт-дәстүрі мен музыка мәдениеті» атты еңбегінде, қытай халқының көнеден қалыптасқан салт-дәстүрін, музыка мәдениетін, олардың адамзат баласына жасаған ықпалын, адамдар арасындағы қарым-қатынас, сыртқы және ішкі үйлесімділік, отбасылық құндылықтардың маңызын пайымдайды. Сондай-ақ қытай халқының тұрмыстық салт-санасы мен музыка философиясының астарлы мәнін ашып көрсетеді. «Жу Юйсиннің білім беру туралы даналық сөздері» (Жу, 2023) атты еңбете, ғалымның білім жүйесін нарықтық экономикаға бейімделген инновация және ақпараттық қоғам құруға жауап беретін кадрларды дайындау жөнінде айтқан даналық сөздері, ой-пікірлері жинақталған. Бұл еңбектердің танымдық және практикалық маңызы айырықша.

Нұрхалық Абдырақынұлы аударған Уаң Бонанның «Даналықтың дәйегі» (Уаң, 2017) атты еңбегі де танымдық сипаттағы тамаша кітаптардың бірі. Бұл да даналықтың аспектілерін баяндаған, оқырмандарға ой салатын, адамдардың зейінін ашып, ой-санасын өсіруге әсер ететін оқулық іспеттес кітап деуге болатын еңбек.

2. Қазақ тілінен қытай тіліне аударылған кітаптар

Классикалық шығармалар. Нағыз классикалық шығармалардың құндылығы қашан да жойылмайды. Сондай шығармалардың бірі және бірегейі қазақтың ұлы ойшылы, бас ақыны Абай Құнанбайдың шығармалары. Қытайда Абай шығармалары XX ғасырдың 40-

жылдарынан бастап ханзу тіліне аударыла бастаған еді, қазірге дейін қайталап тәржімалап баспадан шығару ісі жалғасып келеді.

Абай шығармаларын Қытайда ең алғаш аударған адам, белгілі ғалым Нығымет Мыңжани. Ол Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» атты мақаласын әріптес досы Су Бейхаймен бірлесіп 1947 жылы қытай тіліне аударып, Шанхайдан шығатын «Нап hai chao - 瀚海潮» журналда жариялады (Мұқаметханұлы, 2005: 256). Нығмет Мыңжани және басқалар бірлесіп баспаға дайындаған «Абай өлеңдері» атты кітап 1948 жылы Үрімжіде «Сәуле» баспасынан жырық көрді.

1950-жылдарды қазақ және қытай тілдерін жақсы меңгерген сибо ұлтының өкілі көрнекті қаламгер Қабай (Хао Ханьчжан) Абай өлеңдерін қытай тіліне аударып мерзімді әдеби басылымдарда жариялай бастады. 1954 жылы ол Абайдың «Ескендір» поэмасын қытай тіліне тәржімалап, «Аударма» журналында жариялады. 1958 жылы «Қазақтың ұлы ақыны Абай» деген тақырыпта зерттеу мақаласы қытай тілінде шығатын «Тянь-Шань» журналының 8-санында басылып, қытай оқырмандарына Абайды кеңірек таныстырды. 1958 жыл Абайдың 3 поэмасын қытай тіліне аударып «Абай дастандары» деген атпен «Халық әдебиеті» баспасынан жеке кітапша етіп шығарады. 1982 жыл ол тәржімалаған «Абайдың таңдамалы шығармалары» Үрімжіде «Шыңжаң халық баспасынан» шықты. 1984 жылы Абайдың қарасөздері «阿克利» («Ақлия») деген атпен «Шыңжаң халық баспасында» жарияланды. 1987 жылы аудармашының Абайды зерттеп жазған «Абай және Абай шығармалары» атты еңбегін Қаһармен Мұқанұлы қазақ тіліне аударып, Бейжіңдегі «Ұлттар баспасынан» шығарды. 1995 жылы аударушының «阿拜研究论集» («Абай зерттеу мақалалар жинағы») деп аталған кітабы да сол баспадан басылып шықты (Қабай, 1995: 251).

Абай шығармалары қытай қаламгерлерін қызықтырды. Қытайлық жазушы, аудармашы Су Чжоусюн жазған «成格斯山峦的三巨头 – 阿拜, 恰卡里姆, 穆赫塔尔» («Шыңғыс тауының үш шоқысы – Абай, Шәкарім, Мұқтар») атты кітап, 1995 жылы «Ұлттар баспасынан» жарық көрді (Су, 1983: 232). Бұл еңбегін автор «Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуына орай аталып өтетін мерейтойға арнап жазғанын» атап айтқан.

Қазақстанның экс-Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Абай туралы сөз» атты кітабын 1998 жылы «Шыңжаң жастар-өрендер баспасы» қазақ, ұйғыр және қытай тілдеріне аударып, бір кітап етіп шығарды.

Қытайлық белгілі жазушылар Су Чжоусюн мен Әкбар Мәжит тәржімалаған Абайдың 150 жылдық мерейтойына арналған «Абайдың қарасөздері» қытайша «阿拜箴言录» деген атпен 1995 жылы «Ұлттар баспасынан» жарық көрді. Әкбар Мәжитұлы бұл басылымға алғысөз ретінде жазған «Абайдың тартымдылығы» атты мақаласында: «Ұлттар баспасының қазақ редакция бөлімі Су Чжоусюн мырза аударған (Қара сөздің) аударма нұсқасын түпнұсқамен салыстырып көрген соң, менен оны түпнұсқадан қайта аударуымды сұрады. Олар маған уақыт шектеп, үш ай ішінде аударманы аяқта, алты ай ішінде кітапты баспадан шығаруды жоспарлап отырмыз» - деді. Бұдан Әкпардың Абай қарасөздерін түпнұсқа қазақшадан қайта аударғанын аңғарамыз. Алайда кітапқа аудармашылар ретінде екеуінің де аты жазылған. Қалайда екі жазушының қолынан шыққан аударманың сапасы біршама жақсы болғанын айтуға тиіспіз. Екі елдің ресми өкілдері мен жазушылары дейді Әкбар Мәжит - «көркем әдебиеттің биік үлгідегі туындыларын аудару жұмысы жалғасып жатса, екі ел халықтарының көңілдері де тоғысып жатады. Шығармаларды қазақ және қытай тілдеріне аударған әрбір авторды - екі елдің арасындағы алтын көпір, әдеби елші деп атауға болады». Алтын көпір салушы аудармашылардың қажырлы еңбегінің арқасында Абай шығармалары қытай ғалымдарының зерттеу нысанына айналды. Қытай тіліне аударылған Абай шығармалары қытайлық оқырмандардың Абайды, Абай арқылы қазақ халқын терең түсінуге негіз болды. Соның бір мысалы ретінде, докторант Чжэн Чжиндун өзінің докторлық

диссертация тақырыбын Абайды зерттеуге арнап, «Абай – Қазақ даласының жарық жұлдызы» (Чжэн, 2002: 232) деген еңбек жариялады.

Қазақтың заңғар жазушысы, академик Мұқтар Әуезовтың «Абай» және «Абай жолы» роман эпопеясын Қабай және оның жұбайы Гао Шуньфан қытай тіліне аударып, 2004 жылы «Ұлттар баспасынан» шығарды (Әуезов, 2004). Бұл шығарманың қытай оқырмандарына терең әсер еткені белгілі, содан кейін Мұқтар Әуезов және оның шығармашылығы туралы қытай зерттеушілерінің жазған мақалалары әртүрлі газет - журналдарда жарияланып жатты.

Белгілі тарихшы ғалым, профессор, қоғам қайраткері Ерлан Сыдықовтың қазақтың ұлы философ ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы зерттеп жазған «Шәкәрім» (орыс және қазақ тілінде) атты көлемді монографиясын Сиань Шет тілдер университетінің лингвист ғалымы Ли Сичань қытай тіліне аударып баспадан шығарды. Аудармашы қазақ халқының өмірі мен тұрмыс-тіршілігімен біршама таныс, бір мезгіл Л. Гумилев атындағы ЕҰУ-дегі Конфуций институтында қызмет істеген, орыс тілінің маманы. Ол аталмыш еңбекке тоқталғанда: «Қазақ пен Қытай халықтарының екі ойшылының (Конфуций мен Шәкәрім) шығармаларынан олардың өмірге деген көзқарастарын, Отанға деген патриотизм сезімін терең сезінеміз. Сондықтан Конфуций философиясын құрметтейтін оқырмандар Шәкәрім туралы жазылған бұл шығарманы да жоғары бағалайды» - деп сенетінін айтқан-ды. Бұл кітаптың қытай тілінегі аудармасының тұсаукесер таныстырылым рәсімі 2018 жылдың 2 сәуірінде Сиань Шет тілдер университетінде (SUIE) өтті. Осының өзінен-ақ қытайлықтардың бұл кітапты жоғары бағалайтынын көруге болады.

Поэзиялық шығармалар. Қазақ поэзиясы әлем әдебиетінің алдыңғы қатарында десек артық айтқандық болмайды. Қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың «Қаздар қайтып барады» атты өлеңдер жинағын, Қытайдағы қазақтардың көрнекті аудармашысы, сценарист жазушы Қайша Тәбәрәкқызы «远飞的大雁» деп аударып, 2011 жылы Үрімжіде баспадан шығарды (Мақатаев, 2011: 354). Осы аударманы оқыған қытайлық әйел әдебиет сыншысы: «Мұқағалидай лирик ақыны бар қазақ – ұлы халық», - деген екен. Демек, өлеңнен ұлтты тану – рухани түсініктің тереңдегенін көрсетеді. Бұл жинақтың өзі қытай оқырмандарын қазақ поэзиясына қызығуын тудырғаны анық. Сондықтан қытайлық баспагерлер қазақстандық ақындардың өлең-жырларын шығаруға ден қойды. Солардың ұсынысы бойынша Қайша Тәбәрәкқызы Ұлықбек Есдәулет сияқты ондаған танымал ақындардың өлеңдерін қытай тіліне аударып, «Қазіргі заман Қазақстан ақындарының өлеңдер таңдамалары» («当代哈萨克斯坦诗歌精选») деген атпен 2022 жылы Бейжіңде баспадан шығарды. Сол жылы ол баласы Еркеш Серғазыұлымен бірлесіп аударған қазіргі заман Қазақстанның көрнекті жазушылары Әкім Тарази, Рахымжан Отарбаев, Асқар Сүлейменов және басқа қаламгерлердің әңгімелері топтамасын «Қазіргі заман Қазақстан әңгімелер таңдамалары» («当代哈萨克斯坦小说精选») деген атпен көлемді жинақ шығарды (Тәбәрәкқызы, 2022).

Прозалық шығармалардан романдар да қытай тіліне аударылып жарияланып келеді. Мысалы, Шыңғыс Айтматов пен Мұхтар Шаханов жазған «Құз басындағы аңшының зары» атты шығармасын Қайша Тәбәрәкқызы «悬崖猎人的哀歌» деген атпен 2015 жылы қытай тіліне аударып шығарды; Несіпбек Дәутайұлының «Жібек жоындағы 100 қала» жобасы аясында жазған «Тараз» атты романын да аналы-балалы екеуі тәржімалап «塔拉兹：根脉深沉的丝路古城» деген атпен жариялады (Дәутайұлы, 2023). Қазақстандық ақын-жазушылардың шығармаларының қытай тіліне аударылып айналымға түсуі – қытай халқының қазақ халқын жоғары деңгейде түсінуіне белсенді рөл атқаратыны сөзсіз.

Саяси басылымдар. Қазақстан мен Қытай арасында саяси басылымдар алмасу жоғары деңгейде жүзеге асып келеді. Екі ел басшыларының кітаптары қытай, қазақ және орыс

тілдеріне аударылып жариялануда. Қазақстанның экс-Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың және қазіргі мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың еңбектері қытай тіліне тәржімаланды. Сонымен бірге Қытай басшылары Дэн Сяопин мен Си Цзиньпиннің кітаптары да қазақ және орыс тілдеріне аударылып баспадан шығып жатыр. Бұл еңбектер екі мемлекеттің саяси, экономикалық және әлеуметтік саясатын, сыртқы саясат стратегиясы мен дипломатиялық қатынастарын зерттеудің деректік негіздері болып табылады. Сондай-ақ ол екі мемлекеттің өзара саяси сенім орнатуына белсенді рөл атқарып отыр деп санаймыз.

2004 жылы 18 мамырда Қазақстанның Қытайдағы елшілігінде өткен Нұрсұлтан Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» атты кітабын таныстыру конференциясына қатысқан ҚХР Мемлекеттік кеңестің мүшесі Тан Цзясюань қытай тілінде шыққан Н. Назарбаевтың аталған еңбегін оң бағалады.

Қазақстанның экс-Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бірнеше кітабы қытай тіліне аударылды. 2016 жылы оның «Сотворение Казахстана» атты еңбегі Қазақстан Республикасының Қытайдағы Елшілігінің қолдауымен және «Синьсин» корпорациясының қаржылық демеуімен «Чжэньминь» мемлекеттік баспасы қытай тілінде шығарды.

2017 жылы «Назарбаев антологиясы: Қазақстан халқының ойлары мен даналығы» атты жинақты Президент Әкімшілігінің қолдауымен Қытай Қоғамдық ғылымдар академиясының мамандары қытай тіліне аударып жариялады. Бұл кітапқа Н. Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдаулары, жарияланған мақалалары және сөйлеген сөздері топтастырылған. Қытай Қоғамдық ғылымдар академиясының президенті Ван Вейгуан бұл кітапты маңызды еңбек деп бағалады.

1997 жылы шілдеде Н. Назарбаевтың «Ғасыр тоғысында» атты кітабы қытай тілінде басылып шықты. Содан кейінгі жылдары оның «Әділеттің ақ жолы», «XXI ғасыр алдында» және «Тарих толқынында» атты кітаптары да қытай тіліне тәржімаланып баспадан шықты.

2004 жылы маусымында, кезінде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі болған, қазіргі Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Беласу» атты кітабы қытай тілінде жарық көрді. Соған орай автор «Чжэньминь жибао» газетінің журналистеріне берген сұхбатында: «Бұл кітаптың қытай тілінде шығуы Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастардың дамуына және нығаюына септігін тигізеді деп сенемін. Себебі бұл кітаптың кейбір бөлімдері Қытайға арналған. Қытай – Қазақстанның жақын серіктестерінің бірі, көрші мемлекет, сондықтан біз Сіздің еліңізбен ынтымақтастық қатынастарды дамытуға үлкен мән береміз» - деді. Аталмыш еңбекте Қытай мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың стратегиялық маңызы терең пайымдалған. Сондай-ақ Қазақстанның тәуелсіз сыртқы саясатының қалыптасуы мен дамуына талдаулар жасалған. Халықаралық өзекті проблемаларды шешудің жолдарды да қарастырылып, трансұлттық терроризм сияқты сын-қатерлерден сақтану мәселелері талқылаған. Сонымен бірге автор өзінің өмірбаяндық эпизодтары мен жеке бақылаудан түйген ойларымен де бөліскен. Демек, аталмыш еңбек қытай оқырмандарының Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси идеясы мен өмір жолын түсінуге деректік негіз болып саналады.

Қазақстанда Қытай басшыларының кітаптары да қазақ және орыс тілдерінде баспадан шығуда. Қазақстан Республикасының ҚХР-дағы Елшілігінің қолдауымен Шын Чуанляньның «Ұлы реформатор – Дэн Сяопин» атты кітап, Қадірбек Бөртөреұлы, Анаргүл Тоқтарқожақызы және Ділшат Оралбайұлының қазақ тіліне аударуы бойынша «Орхон» Баспа үйі шығарды (Шын, 2015: 214).

2017 жылы маусымда, ҚХР төрағасы Си Цзиньпиннің Астанаға сапары қарсаңында, Елбасы кітапханасының Талдау орталығы, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Қоры жанындағы Әлемдік экономика және саясат институты мен қытайтану орталығы бірлесіп, Си Цзиньпиннің «Ел басқару туралы» кітабының қазақ тілінде шыққан нұсқасының тұсаукесер таныстырылымын салтанатты түрде өткізді (Си, 2014: 35).

Си Цзиньпинның «Внешняя политика современного Китая (2013–2023 гг.)» атты кітабы «Один пояс и один путь» Эксперттік клубының баспаға дайындауымен (жауапты редакторы Б.К. Султанов) 2024 жылы Алматыда жарық көрді (Си, 2024). Бұл кітапқа ҚХР төрағасы Си Цзиньпиннің билік басына келгеннен кейінгі он жылда Қытайдың сыртқы саясаты туралы сөйлеген сөздері, жасаған баяндамалары мен жариялаған мақалалары жинақталған. Аталмыш басылымды Қытайдың сыртқы саясаты мен дипломатиялық қатынастарын зерттеуге құнды еңбек деуге болады.

Қазақстан мен Қытай мемлекет басшылары кітаптарының қазақ, орыс және қытай тілдеріне аударылып, өзара алмасып отыруы өте маңызды. Осы басылымдар арқылы екі мемлекет бір-бірінің ұстанған ішкі және сыртқы саясатын түсініп, саяси сенім орнатуға негіз болды деп санаймыз.

Зерттеу нәтижесі

Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени байланыстар контекстінде, кітап басылымдар алмасуының тарихи үдерісі анықталып, айналымға түскен кітаптардың кезеңдері (уақыты), типтері, мазмұны және олардың бір-біріне қажеттілігі мен мәдени рухани ықпалдастығына алғаш рет анализ жасалды.

Қытай тілінен қазақ тіліне тәржімаланып айналымға түскен ғылыми еңбектердің, тарихи дерек жинақтарының Қазақстан үшін практикалық маңызы және ғылыми ықпалына талдау жасалды. Қытайдың ерте заманнан қазірге дейінгі әлемге әйгілі ақын-жазушыларының классикалық шығармаларының қазақ тіліне аударылып айналымға түсу үдерісі пайымдалды. Қытай тіліндегі әдебиеттерді аудару үдерісі классикалық шығармалардан, қазіргі замандағы практикалық қолданбалы құндылығы жоғары, әмбебаптық әдебиеттерді аударып шығаруға беталған тенденция сипатталды.

Зерттеуде қазақ тілінен қытай тіліне аударылып айналымға түскен басылымдардың жанырлық ерекшеліктері анықталды. Негізінен қазақтың классикалық шығармалары (Абай, Өуезовтардың), осы заманғы үздік поэзия мен прозалық шығармалар (Мақатаев, Есдәулетов, Тарази т.б.) мен саяси кітаптардың қытай тіліне тәржімаланды. Бұл еңбектер қытайлықтардың жеке авторлармен бірге, қазақ халқының рухани мәдениетін тануға негіз қалады.

Екі мемлекет басшыларының саяси кітаптарының тәржімаланып айналымға қосылуы – олардың бір-бірінің ішкі-сыртқы саясатын түсінуіне, саяси сенім орнатуына дәнекер болғаны дәлелденді.

Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени байланыстар аясындағы басылымдар алмасу жыл өткен сайын дамып келеді және болшақта дами береді. Екі ел арасындағы мәдени рухани ықпалдастық жалғасатыны дәйектелді.

Қорытынды

Жоғарыда пайымдағанымыздай, Қазақстан мен Қытай арасында басылымдар алмасу XX ғасырдың бірінші жартысында басталды. Қазақстан тәуелсіздік алған соң екі елдің дипломатиялық қатынасының дамуына ілесе мәдени байланыстар, әсіресе басылымдар алмасу істері айтарлықтай дамып келеді.

Қытай мен Қазақстан тіл-жазулары ұқсамайтын елдер болғандықтан, олар аударма арқылы басылымдар алмасып келеді. Сондықтан аударма тарихы арқылы екі елдің басылымдар алмасуының тарихи үдерісіне, мазмұндары және ықпалына барлау жасаймыз.

Тарихқа жүгінсек, қазақтың ұлы ойшылы Абайдың кейбір шығармасы 1947 жылы алғаш рет қытай тіліне тәржімаланған екен. 1950-ші жылдары оның біраз туындылары қытай тіліне аударылып, әдеби басылымдарда жарияланды. 1980 жылдардан кейін Қытайда Абай шығармаларын аударып таныстыру айтарлықтай алға басты. Ал Қазақстан мен Қытай арасында дипломатиялық қатынас орнаған соң, екі ел қарым-қатынастарының жан-жақты дамуына байланысты мәдени байланыстар да жаңа деңгейге көтерілді. Қытайда Абай

шығармаларын аударуып шығарумен қатар, қазіргі заман қазақстандық ақын-жазушылардың өлең-жырлары мен әнгіме, романдарын қытай тіліне аударып шығару ісі дамып келеді. Мұның мысал ретінде, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың «Қаздар қайтып барады» атты өлеңдер жинағының және Ұлықбек Есдәулет сияқты қазіргі замандағы ақындар өлеңдерінің «Қазіргі заман Қазақстан ақындарының өлеңдер таңдамаларын» атап көрсетуге болады.

Қазіргі таңда елімізде қытай тілінен қазақ тіліне аударылған шығармалардың саны көп, мазмұны бай. Оларды тарихи ғылыми еңбектер, тарихи деректер жинағы, классикалық шығармалар (ерте заманнан қазірге дейінгі), танымдық педагогикалық еңбектер және саяси кітаптар деп жіктеуге болады.

Бүгінгі күнге дейін қазақ тілінен қытай тіліне, қытай тілінен қазақ және орыс тілдеріне аударылып айналымға қосылған кітаптардың жанырлық мазмұндық типтеріне талдау жасайтын болсақ, мынадай ерекшеліктерді байқаймыз: қазақ тілінен қытай тіліне қазақтың философиялық шығармалары (Абай, Шәкәрімнің), классикалық романдары (Мұқтар Әуезовтың), лирикалық өлең-жырлары (Мұқағали Мақатаев т.б.) және мемлекет басшылардың саяси еңбектері. Бұл басылымдарда қазақтың ақыл-парасаты мен көркем ойлары қамтылған. Аталмыш еңбектер қытай оқырмандарына қазақтың өскелең рухани мәдениетін таныстыратыны сөзсіз.

Ал қытай тілінен қазақ немесе орыс тілдеріне аударылып айналымға түскен басылымдарға анализ жасайтын болсақ, мынадай үдерісті байқаймыз: алдымен қытай тілінен қазақтың тарихына, тарихи мәдениетіне қатысты ғылыми кітаптарды, тарихи дерек көздерін, тарихнамалық зерттеулерді аударып шығарды. Бұл жұмыс мемлекеттік жоба деңгейінде жүргізілді. Өйткені бұл еңбектер Қазақстан тарихын қайта жазуға өте қажет болды. Екінші кезекте, қытайдың классикалық әдеби шығармаларын аударып таныстыру жұмыстары жүргізілді. Қытайдың ерте заманнан қазірге дейінгі әлемге әйгілі ұлы жазушылары мен ақындарының шығармаларының инжу-маржандары сұрыпталып аударылды (Д.Мәсімханұлы баспадан шығарған бес томдық жинаққа және басқа аталған аудармашыларың еңбектеріне қараңыз). Үшінші кезекте, танымдық практикалық маңызы бар кітаптар аударылып баспадан шықты.

Екі мемлекет басшыларының саяси кітаптарын аудару жұмысы айтарлықтай атқарылуда. Өйткені Қазақстан мен Қытай арасында өзара түсінік және саяси сенім орнату үшін ел басшыларының еңбектерін аударып таныстыру – екіжаққа да бірдей маңызды шаруа.

Қазақстан мен Қытай арасында басылымдар алмасу Қазақстан тәуелсіздік алған соң ресми түрде басталған еді, Қытайдың «Бір белдеу-бір жол» мега жобасының жүзеге асырылуына байланысты бұл үдеріс қарқын алып келеді. Екі елдің бір-біріне мәдени ықпалы да тереңдей түсуде, әсіресе қытайдың мәдени ықпалы олардың экономикалық ықпалымен бірге күшейе түскені анық байқалады.

Әрине, бөгде рухани мәдениетті қабылдау әр халықтың тарихи мәдени негізіне, мәдени талғамына, білім деңгейіне байланысты болады. Адамдардың танымына қоғамдық болмыстың әсері күшті болатыны белгілі. Сондықтан қоғамдық практикада Қазақстан мен Қытай халықтарының өзара ынтымақтастық қатынастары бір-біріне деген танымдарын тереңдетіп, түсінік көзқарастарын қалыптастырады.

Қытай әлемдегі алып мемлекет болғандықтан олардың Қазақстанға ықпалы жан-жақты әрі мығым болатыны белгілі. Алайда Қытайда сырттан келетін бөгде, тозық мәдениеттердің әсерінен сақтанатын - қорғанатын саяси жүйе жақсы жұмыс істейді. Мұдан Қазақстан үлгі алуға тиісті. Сырттан таралып жатқан рухани мәдениеттің озығы мен тозығын анықтап, нағыз үздік мәдениеттерді қабылдап, ұлттық мәдени құндылықтарымызды бекемдеп отыруға тиіспіз, сонда ғана ұлттық мәдени иммунитетіміз нығаяды.

Әдебиеттер:

Мыңжани, 1987 – *Мыңжани Н.* Қазақтың қысқаша тарихы. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1987. 685 б.

Су, 1989 – *Су Б.* Қазақ мәдениетінің тарихы. – Үрімжі: Шыңжаң университеті баспасы, 1989. 554 б.

Мұқаметханұлы, 2005 – *Мұқаметханұлы Н.* Су Бейхай және оның қазақ тарихын зерттеген еңбектері жөнінде // Бекмаханов оқулары. – Алматы, 2005. 255-259 бб.

Мұқаметханұлы, 2014 – *Мұқаметханұлы Н.* Ізденіс: тарих және замана. – Алматы: Мерей, 2014. 248 б.

Түркология ғылыми-зерттеу институты, 2004 – *Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Түркология ғылыми-зерттеу институты.* Ғұндар тарихының жылнамасы. – Түркістан, 2004. 411 б.

Ахметұлы, 2005 – *Ахметұлы Ш.* (аударып баспаға дайындаған). Ежелгі үйсін елі. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2005. 390 б.

Ахметұлы, 2005 – *Ахметұлы Ш.* (аударып құрастырған). Ұлы Түркі қағанаты. – Үрімжі: Шыңжаң жастар-өрендер баспасы, 2006. 600 б.

Мырзахан, 2006 – *Мырзахан Ж.* (жауапты ред.). Чжонго жылнамаларындағы қазақ тарихына қатысты деректемелер. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 2006. 504 б.

Еженхан, Ошан, Сұңғатай, 2009 – *Еженхан Б., Ошан Ж. және Сұңғатай С.* (аударып құрастырған). Қазақстан тарихы туралы қытай деректері. – Алматы: «Дайык-Пресс» баспасы. 2005-2009. 6 т.

Хафизова, 2020 – *Хафизова К.Ш.* Цинская империя и Казахские ханства (вторая половина XVIII — первая треть XIX вв.). – Нур-Султан, 2020. 344 с.

Мәсімханұлы, 2023 – *Мәсімханұлы Д.* Қытай қаламгерлерінің таңдамалы шығармалары. – Алматы: ЖІПС Литера-М баспасы, 2023. 5 т.

Смалиов, 2002 – *Смалиов А.А.* Казахстан сегодня. Информационно-аналитический сборник // под ред. А.А. Смалиова. – Алматы: Интеллсервис, 2002. С. 570-574.

Ван, 2023 – *Ван М.* Күлкі мен жел. Шэнь Шэси. Қасқырлар патшасы. Гао Хунбо. Гао Хунбо жарлары (Абдырақын Н. аудармалары). – Алматы: Шығыс әдебиеті компаниясы. 2023.

Жу, 2023 – *Жу Ю.* Ұстаздарға. Ян Чжэн. Ян әулетінің отбасылық тағылымы. Жу Юйсін. Білім беру туралы даналық сөздер» (аударған Қалиолла А.). – Алматы: Қазақ энциклопедиясы және Қазақ университеті баспа үйі, 2022-2023.

Уаң, 2017 – *Уаң Б.* «Даналықтың дәйегі» (哲理的天平) (аударған Абдырақын Н.). – Алматы: Қазақ университеті баспа үйі, 2017. 122 б.

Қабай, 1985 – *Қабай А.* 阿拜诗选 (Abai shixuan) [Абай өлеңдері]. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1982. 172 б.; 阿克利亚 (Akeliya) [Ақлия]. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1984. 89 б.; 阿拜研究文集 (Abai yanjiu lunji) [Абай зерттеулер жинағы]. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 1985. 251 б.

Су, 1983 – *Су Чж.* 成格斯山峦的三巨头 – 阿拜, 恰卡里姆, 穆赫塔尔 (Chengjisishanluande sanjutou) [Шыңғыс тауларының үш алыбы – Абай, Шәкәрім, Мұхтар]. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 1983. 232 б.

Чжэн, 2003 – *Чжэн Чж.* 阿拜哈萨克草原上的北极星 (Abai hasake caoyuanshangde beijixing) [Абай – Қазақ даласының жарық жұлдызы]. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 2003. 232 б.

Әуезов, 2004 – *Әуезов М.* Абай жолы (қытай тіліне аударған – Қабай, Гао Шуньфан). [阿拜之路]. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 2004. 4 т.

Мақатаев, 2011 – *Мақатаев М.* Қаздар қайтып барады (аударған Тәбәрәкқызы Қ.) [远飞的大雁]. – Үрімжі: Шыңжаң жастар-өрендер баспасы, 2011. 354 б.

Тәбәрәкқызы, 2022 – *Тәбәрәкқызы Қ.* (аударған). Қазақстан ақындарының өлеңдер таңдамалары [当代哈萨克斯坦诗歌精选]; Қазіргі заман Қазақстан әнгімелер таңдамалары [当代哈萨克斯坦小说精选]. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 2022.

Дәутайұлы, 2023 – *Дәутайұлы Н.* 塔拉兹 - 根脉深沉的丝路古城 [Тараз – тамыры терең Жібек жолындағы көне қала] (аударған – Тәбәрәкқызы Қ. Серғазы Е.). – Бейжің: Ұлттар баспасы, 2023. 186 б.

Шын, 2015 – *Шын Ч.* Ұлы реформатор Дэн Сяопин (аударған – Қ. Бөртөреұлы, А. Тоқтарқожақызы, Д. Оралбайұлы). – Алматы: Орхон Баспа үйі, 2015. 214 б.

Си, 2014 – *Си Цз.* Ел басқару туралы. – Бейжің: Издательство литературы на иностранных языках, 2014. 624 б.

Си, 2024 – *Си Цз.* Внешняя политика современного Китая (2013-2023 гг.). – Алматы: ЭК «Один пояс и один путь», 2024. 388 с.

References:

Mynzhani, 1987 – *Mynzhani N.* Kazaktyn kyskasha tarihy. – Yrimzhi: Shynzhan halyk baspasy, 1987. 685 b. (in Kaz).

Su, 1989 – *Su B.* Kazak madenietinin tarihy. – Yrimzhi: Shynzhan universiteti baspasy, 1989. 554 b. (in Kaz).

Mukamethanuly, 2005 – *Mukamethanuly N.* Su Bejhaj zhane onyn kazak tarihy zerttegen enbekteri zhoninde // Bekmahanov okulary. – Almaty, 2005. 255-259 bb. (in Kaz).

Mukamethanuly, 2014 – *Mukamethanuly N.* Izdenis: tarih zhane zamana. – Almaty: Merej, 2014. 248 b. (in Kaz).

Tyrkologiya gylimi-zertteu instituty, 2004 – *K.A. Yassauy atyndagy Halykaralyk kazak-turik universitetinin Tyrkologiya gylimi-zertteu instituty.* Gundar tarihyryn zhylnamasy. – Turkistan, 2004. 411 b. (in Kaz).

Ahmetuly, 2005 – *Ahmetuly Sh.* (audaryp baspaga dajyndagan). Ezhelgi yjsin eli. – Yrimzhi: Shynzhan halyk baspasy, 2005. 390 b. (in Kaz).

Ahmetuly, 2005 – *Ahmetuly Sh.* (audaryp kurastyrgan). Uly Turki kaganaty. – Yrimzhi: Shynzhan zhastar-orender baspasy, 2006. 600 b. (in Kaz).

Myrzahan, 2006 – *Myrzahan Zh.* (zhaupty red.). Chzhongo zhylnamalaryndgy kazak tarihyyna katysty derektemeler. – Bejzhin: Ulttar baspasy, 2006. 504 b. (in Kaz).

Ezhenhan, Oshan, Sungataj, 2009 – *Ezhenhan B., Oshan Zh. zhane Sungataj S.* (audaryp kurastyrgan). Kazakstan tarihy turaly kytaj derekteri. – Almaty: «Dajyk-Press» baspasy. 2005-2009. 6 t. (in Kaz).

Hafizova, 2020 – *Hafizova K.Sh.* Cinskaya imperiya i Kazahskie hanstva (vtoraya polovina XVIII — pervaya tret' XIX vv.). – Nur-Sultan, 2020. 344 s. (in Rus).

Masimhanuly, 2023 – *Masimhanuly D.* Kytaj kalamgerlerinin tandamaly shygarmalary. – Almaty: ZhShS Litera-M baspasy, 2023. 5 t. (in Kaz).

Smaliyov, 2002 – *Smaliyov A.A.* Kazahstan segodnya. Informacionno-analiticheskij sbornik // pod red. A.A. Smaliyova. – Almaty: Intellservis, 2002. ss. 570-574. (in Rus).

Van, 2023 – *Van M.* Kulki men zhel. Shen' Shesi. Kaskyrlar patshasy. Gao Hunbo. Gao Hunbo zharlary (Abdyrakyn N. audarmalary). – Almaty: Shygys adebiety kompaniyasy. 2023. (in Kaz).

Zhu, 2023 – *Zhu Yu.* Ustazdarga. Yan Chzhen. Yan auletin otbasylyk tagylymy. Zhu Yujsin. Bilim beru turaly danalyk sozder» (audargan Kaliolla A.). – Almaty: Kazak enciklopediyasy zhane Kazak universiteti baspa uji, 2022-2023. (in Kaz).

Uan, 2017 – *Uan B.* «Danalyktyn dajegi» (哲理的天平) (audargan Abdyrakyn N.). – Almaty: Kazak universiteti baspa uji, 2017. 122 b. (in Chin).

Kabaj, 1985 – *Kabaj A.* 阿拜诗选 (Abai shixuan) [Abaj olenderi]. – Yrimzhi: Shynzhan halyk baspasy, 1982. 172 b.; 阿克利亚 (Akeliya) [Akliya]. – Yrimzhi: Shynzhan halyk baspasy, 1984. 89 b.; 阿拜研究文集 (Abai yanjiu lunji) [Abaj zertteuler zhinagy]. – Bejzhin: Ulttar baspasy, 1985. 251 b. (in Chin).

Su, 1983 – *Su Chzh.* 成格斯山峦的三巨头 – 阿拜, 恰卡里姆, 穆赫塔尔 (Chengjisishanluande sanjutou) [Shyngys taularynyn ush alyby – Abaj, Shakarim, Muhtar]. – Bejzhin: Ulttar baspasy, 1983. 232 b. (in Chin).

Chzhen, 2003 – *Chzhen Chzh.* 阿拜哈萨克草原上的北极星 (Abai hasake caoyuanshangde beijixing) [Abaj – Kazak dalasynyn zharyk zhuldzy]. – Bejzhin: Ulttar baspasy, 2003. 232 b. (in Chin).

Auezov, 2004 – *Auezov M.* Abaj zholy (kytaj tiline audargan – Kabaj, Gao Shun'fan). [阿拜之路]. – Bejzhin: Ulttar baspasy, 2004. 4 t. (in Chin).

Makataev, 2011 – *Makataev M.* Kazdar kajtyp barady (audargan Təbərəkkyzy K.) [远飞的大雁]. – Yrimzhi: Shynzhan zhastar-orender baspasy, 2011. 354 b. (in Chin).

Təbərəkkyzy, 2022 – *Təbərəkkyzy K.* (audargan). Kazakstan akyndarynyn olender tandamalary [当代哈萨克斯坦诗歌精选]; Kazirgi zaman Kazakstan angimeler tandamalary [当代哈萨克斯坦小说精选]. – Bejzhin: Ulttar baspasy, 2022. (in Chin).

Dautajuly, 2023 – *Dautajuly N.* 塔拉兹 - 根脉深沉的丝路古城 [Taraz – tamyr teren Zhibek zholyndagy kone kala] (audargan – Təbərəkkyzy K. Sergazy E.). – Bejzhin: Ulttar baspasy, 2023. 186 b. (in Chin).

Shyn, 2015 – *Shyn Ch.* Uly reformator Den Syaopin (audargan – K. Bortoreuly, A. Toktarkozhakyzy, D. Oralbajuly). – Almaty: Orhon Baspa uji, 2015. 214 b. (in Kaz).

Si, 2014 – *Si Cz.* El baskaru turaly. – Bejzhin: Izdatel'stvo literatury na inostrannyh yazykah, 2014. 624 b. (in Rus).

Si, 2024 – *Si Cz.* Vneshnyaya politika sovremnnogo Kitaya (2013-2023 gg.). – Almaty: EK «Odin po yas i odin put'», 2024. 388 s. (in Rus).

Мукаметханулы Н.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com

КУЛЬТУРНОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ МЕЖДУ КИТАЕМ И КАЗАХСТАНОМ: АНАЛИЗ ПРОЦЕССА ОБМЕНА ИЗДАНИЯМИ

Аннотация. В статье рассматриваются культурные взаимодействия между Китаем и Казахстаном через анализ процесса обмена изданиями. Новизна исследования заключается в сравнительном анализе времени и содержания книг, переведённых с казахского на китайский язык, а также с китайского на казахский и русский языки, с целью выявления духовно-культурного влияния двух стран друг на друга. Цель исследования – определить культурное и духовное влияние Китая и Казахстана друг на друга через анализ официальных изданий, находящихся в обороте между двумя странами, с точки зрения их времени выхода и содержания. В работе использован исторический метод. Например, сравнительный анализ переводов произведений Абая на китайский язык, выполненных в 1940-х, 1950-х, 1980-х

годах, а также в ХХІ веке, позволил выявить их воздействие на китайскую аудиторию. Анализ содержания изданий, переведённых с китайского на казахский или русский языки, показал их значимость для Казахстана, например, публикация сборников ценных исторических источников о казахах, содержащихся в китайских архивах. Применение эмпирического анализа позволило изучить влияние классической литературы, научно-популярных трудов и политических книг, опубликованных на казахском и китайском языках, на формирование взаимного духовного понимания между народами двух стран. Выводы, сформулированные в статье, создают научную основу для понимания процесса и характера культурного и духовного взаимодействия между Китаем и Казахстаном. Также сделан вывод о том, что влияние «мягкой силы» Китая в Казахстане усиливается по мере углубления его экономического влияния.

Благодарность: Данная статья подготовлена в рамках выполнения научного проекта BR24993008 «Многостороннее сотрудничество Центральной Азии и Китая: с начального периода сотрудничества до стратегического партнерства».

Ключевые слова: Казахстан и Китай, культурные связи, процесс обмена изданиями, культурное взаимодействие, укрепление культурного иммунитета.

Mukhametkhanuly N.

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com

CULTURAL INTERACTION BETWEEN CHINA AND KAZAKHSTAN: ANALYSIS OF THE PUBLICATION EXCHANGE PROCESS

Abstract. This article examines the cultural interactions between China and Kazakhstan through an analysis of the publication exchange process. The novelty of the study lies in the comparative analysis of the time and content of books translated from Kazakh into Chinese, as well as from Chinese into Kazakh and Russian, to assess their spiritual and cultural impact on both countries. The aim of the study is to determine the cultural and spiritual influence of China and Kazakhstan on each other by analyzing official publications exchanged between the two countries in terms of their publication time and content. A historical approach was applied in the research. For example, a comparative analysis of translations of Abai's works into Chinese, carried out in the 1940s, 1950s, 1980s, and the 21st century, helped to identify their impact on the Chinese audience. Content analysis of publications translated from Chinese into Kazakh or Russian demonstrated their significance for Kazakhstan, such as the publication of valuable historical sources about Kazakhs preserved in Chinese archives. The use of empirical analysis made it possible to study the impact of classical literature, popular science works, and political books published in Kazakh and Chinese on the formation of mutual spiritual understanding between the peoples of the two countries. The conclusions drawn in the article provide a scientific basis for understanding the process and nature of cultural and spiritual interaction between China and Kazakhstan. Additionally, it is concluded that China's «soft power» influence in Kazakhstan is strengthening as its economic influence deepens.

Acknowledgment: This article was prepared as part of the scientific project BR24993008 «Multilateral cooperation between Central Asia and China: from the initial period of cooperation to strategic partnership».

Keywords: Kazakhstan and China, cultural ties, publication exchange process, cultural interaction, strengthening cultural immunity.

Сведения об авторах:

Набижан Мукаметханұлы, доктор исторических наук, профессор, КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Авторлар туралы мәлімет:

Нәбижан Мұқаметханұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан

Information about authors:

Nabizhan Mukametkhanuly, doctor of historical sciences, professor, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan